

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

**№6 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**26.02.2024ж.**

**Қатысқандар:** АК төрағасы - PhD, доцент м.а. Е.Б. Жиенбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова, АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова, АК мүшесі, академиялық персонал - А.Д. Байдаулетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова, АК мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова, АК мүшесі, академиялық персонал - С.А. Қонысова, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Еділбаева, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Е. Нұралы, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Н.С. Зарбат, АК мүшесі, білімгерлер өкілі – А. Қуанышбекқызы, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж. Ашимов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.Н. Бектаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Хакан Кылавуз.

**Күн тәртібі:**

1. ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу.
2. ББ-ларына мониторинг нәтижелерін талдау
3. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**


**АК төрағасы Е.Б. Жиенбаев:** Қайырлы күн құрметті АК мүшелері. Ақпан айында ББ тізілімдемесіне ұсынылған ББ бойынша эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу, ББ-ларына мониторинг нәтижелерін талдау жұмыстары жоспарланған. Жоспар бойынша Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша (7M02313 - Шетел филологиясы (ағылшын тілі), 7M02315 - Филология, 6B02332 – Шетел филологиясы: ағылшын тілі, 6B02335 – Аударма ісі: ағылшын тілі, 6B02336 – Филология: қазақ тілі, 6B02333 – Шетел филологиясы: түрік тілі) ББ жұмыс берушілеріне сауалнама ұйымдастырылды. Сауалнамаға Түркология ғылыми зерттеу институты директоры, Дайындық орталығының деканы, Аударма орталығы директоры, Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының директоры т.б. мекемелерден жұмыс берушілер қатысып, білім беру

бағдарламаларымен қатар білім алушылардың теориялық білімі мен біліктілігі жайлы ойларымен бөлісті.

Жұмыс берушілерден білім беру бағдарламаларына қанағаттану деңгейін анықтау бойынша сұрақтар қойылды. Сұрақтардың мазмұнын тізімдеп көрсетер болсақ,

- Біздің ЖОО кадрлардың дайындығының сапасын қалай бағалайсыз?
- Біздің ЖОО кадрларының дайындығының сапасын сіздің ұйымыңызда жұмыс істейтін басқа ЖОО түлектерімен салыстыра бағалап беріңіз
- Шкала бойынша келесі кәсіби мағызды дағдылар мен біліктіліктердің деңгейін жұмыс беруші ретінде бағалаңыз
- Біздің түлектеріміздің мекемедегі бейімделу үдерісі қаншалықты сәтті деп санайсыз?
- Жұмыс беруші ретінде біздің түлектеріміздің үздіксіз оқу мен дамуға дайындығы туралы не айтасыз? Түлектеріміздің саладағы өзгерістерге тез бейімделу қабілетін қалай бағалайсыз? Сіздің ұйымыңыздың қажеттіліктерін жақсырақ қанағаттандыру үшін білім беру бағдарламамызды қандай салаларда жақсартуға болады деп ойлайсыз?
- Ұсыныстарыңыз бар ма? Осыған қатысты қандайда бір қосымша тілектер мен ескертулер болса жазып көрсетуіңізді өтінеміз.


**АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова:**  
Сауалнамаға қатысқан жұмыс берушілерден келген жауаптарды талдап көрсетер болсақ, түлектеріміздің біліктілігі анықталады.




Сауалнама нәтижесі бойынша «Біздің ЖОО кадрлардың дайындығының сапасын қалай бағалайсыз?» деген сұраққа жұмыс берушілердің 75 пайызы «өте жақсы», 21 пайызы «жақсы», 4 пайызы төмен деп түлектеріміздің біліктілігін бағалаған. Бұл көрсеткіш түлектеріміздің біліктілігін жоғары екенін көрсетеді.

**Біздің ЖОО кадрларының дайындығының сапасын сіздің ұйымыңызда жұмыс істейтін басқа ЖОО түлектерімен салыстыра бағалап беріңіз**


- Біліктілігі өзге ЖОО түлектерінен жоғары
- Біліктілігі өзге ЖОО түлектерінен төмен
- Біліктілігі өзге ЖОО түлектерімен бірдей



«Біздің ЖОО кадрларының дайындығының сапасын сіздің ұйымыңызда жұмыс істейтін басқа ЖОО түлектерімен салыстыра бағалап беріңіз» деген сұраққа жұмыс берушілердің 70 пайызы «жоғары», 15 пайызы «бірдей», 15 пайызы «төмен» деп жауап берген. Бұл көрсеткіш түлектеріміздің біліктілігінің жоғары екенін көрсетумен қатар, арасында біліктілігі төмен түлектеріміздің бар екенін меңзеп тұр. Сонымен қатар қоғамдағы бәсекелестіктің де жоғары екенін аңғаруға болады.



Түлектеріміздің жұмыс орнында өз біліктілігімен бәсекеге қабілетті болумен қатар коммуникативтік қарым-қатынаста ұстанымы болғаны жөн. Осы мәселені негізге ала отырып жұмыс берушілерге «Шкала бойынша келесі кәсіби маңызды дағдылар мен біліктіліктердің деңгейін жұмыс беруші ретінде бағалаңыз» деген сұрақ қойылған болатын. Жұмыс берушілердің басым көпшілігі түлектеріміздің біліктілігін «өте жоғары» және «жақсы» деп бағалаған. Бұл көрсеткіш түлектеріміздің ЖОО-да алған теориялық білімі мен тәжірибесінің ұтымды ұштасып жатқанын білдіреді.



Жаңа ортаға бейімделу уақыт қажет ететін құбылыс. Осы орайда «Жұмыс беруші ретінде біздің түлектеріміздің үздіксіз оқу мен дамуға дайындығы туралы не айтасыз? Түлектеріміздің саладағы өзгерістерге тез бейімделу қабілетін қалай бағалайсыз? Сіздің ұйымыңыздың қажеттіліктерін жақсырақ қанағаттандыру үшін білім беру бағдарламамызды қандай салаларда жақсартуға болады деп ойлайсыз?» деген сұраққа жұмыс берушілердің 80 пайызы «жоғары деңгейде», 15 пайызы «орта», 5 пайызы «төмен» деп белгілеген. Бұл көрсеткіштен жұмыс берушілердің ЖОО-мыздағы білім беру бағдарламаларына қанағаттанатынын байқауға болады.

Көрсетілген сауалнамадағы пайыздық көрсеткіштер шамалап берілді. Көрсеткіштердің жоғары немесе төмен болуында адами факторлардың әсер ететіні белгілі. Дегенімен де бұл көрсеткіштер ББ жұмыстарының ұтымды ұйымдастырылғанының айғағы деп қарастыра аламыз.

Сауалнаманың соңғы сұрағында «қандайда бір қосымша тілектер мен ескертулер болса жазып көрсетуіңізді өтінеміз» деп жазылған болатын. Жұмыс берушілер тарапынан берілген ұсыныстарды тізбектеп көрсетер болсақ,

- Теориялық білімді үнемі практикамен ұштастыру қажет;
- Тарихи орындар мен киелі мекендерді таныту, мұражай ісі жұмыстарында тіл бітетін мамандарға қажеттілік бар. Тіл үйрету барысында тарих, дәстүр, мәдениет сабақтастығын тереңірек қарастырған жөн.
- Тіл үйрену үдерісінде практикалық сабақтарға көбірек мән берілгені абзал.
- Аударма теориясын меңгеріп мен біліктілік арттыру қажет.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж. Ашимов, Білім беру бағдарламаларының жалпы мазмұны қанағаттанарлық деңгейде жасалған.**

Осы үдерісте білім алушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру барысы маңызды. Бәсеке қабілетті қоғамда білікті мамандар дайындаудың қазіргі заман талабы екенін ескере отырып, креативті идеялар арқылы дамуды жалғастыруымыз қажет. Жұмыс беруші ретінде білім алушыларға саласы бойынша бағыт-бағдар беруге атсалысамыз. Алдағы уақытта білікті аудармашыларда жұмысқа қабылдауға дайынбыз.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.Н. Бектаев,** Тіл мен әдебиет, фольклор мен дәстүрдің қоғамның дамуында орны ерекше. Кісіби тұрғыдан түлектеріңіздің біліктілігін жақсы деп бағалауға болады. Саласы бойынша білікті маманның топ жарып шығуы үшін білім алушының қызығушылығын арттырып, тәжірибе жұмыстарының сапалы орындалуына мән бергеніміз жөн. Қоғамда тіл мамандарына сұраныс төмен болған емес. Дегенімен де өзінің білікті маманы еліміздің дамып өркендеуіне үлес қосары сөзсіз. Осы орайда білім алушылардың академиялық ұрқырлық арқылы еліміздегі ЖОО мен шетелдердегі ЖОО-да білік арттыру үдерісін жандандырып, заманауи технологиялар мен әдістерді еркін меңгерген маман дайындау жұмысын қолға алуды ұсынамын.


**АК төрағасы Е.Б. Жиенбаев:** Тілдер және әдебиет даярлау бағытындағы Білім беру бағдарламаларға қатысты жұмыс берушілердің сауалнама нәтижесі бойынша дайындалған қорытынды тыңдалды. Берілген көрсеткіштерден түлектеріміздің кісіби деңгейінің жоғары бағаланғанын байқауға болады. Сонымен қатар аз мөлшерде болса да орта және төмен көрсеткішке ие болған түлектеріміздің бар екені де айта кету керек. Әрине бұл көрсеткіштердің бәсекеге қабілетті ортада түлектеріміздің кәсіби біліктілігін анықтау тұрғысынан маңызы мол. Осы тұрғыда жетістікті жалғастыру жолында жұмыс берушілердің ұсыныстарын назарда ұстап, ББ жақсарту жұмыстарын жалғастыруымыз қажет.

АК мүшелері бұл пікірді бір ауыздан құптады.

### **Шешім:**


1. Жұмыс берушілердің Білім беру бағдарламасын жақсартуға қатысты ұсыныстары назарға алынсын.
2. Ақпан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Мәжіліс төрағасы:**



**Е.Б. Жиенбаев**

**Хатшысы:**



**С.А. Қонысова**